



БАТЫС ФИЛОСОФИЯСЫНЫҢ ЖАҢА ТАРИХЫ, 3-ТОМ. ҚАЗІРГІ ЗАМАН ФИЛОСОФИЯСЫНЫҢ БАСТАУЫ

Гуманизм және Реформа мәселесі.
Роттердамдық Эразм, Томас Мор
және Мартин Лютердің еңбектері



Кітап: Батыс философиясының жаңа тарихы, 3-том. Қазіргі заман философиясының бастауы

Дәріс: 1. Гуманизм және Реформа мәселесі. Роттердамдық Эразм, Томас Мор және Мартин Лютердің еңбектері

Біз бүгінгі дәрісімізді Энтони Кеннидің «Қазіргі заман философиясының бастауы» атты кітабының алғашқы тақырыбы – Гуманизм және Реформа мәселесіне арнаймыз. Соның ішінде осы мәселеге қатысты көрнекті ойшылдар – Роттердамдық Эразм, Томас Мор және Мартин Лютердің еңбегін шолып өтетін боламыз.

1511 жылдан басталатын онжылдықты Қайта өрлеу дәуірінің ең биік шыңы деуге болады. Әйгілі суретші Рафаэль Ватиканда папа пәтерлерінің қабырғасын суреттерімен өрнектеді, ал Микеланджелоның картиналары Сикстин капелласының төбесіне сән берді. Флоренцияда реформаторлық құдалауда болған Медичи отбасы билік басына оралып, демеушілік көрсету қызметін жалғастырды. Бұрынғы республика қызметкерлерінің бірі, кейін үйқамақта отырған Никколо Макиавелли өзінің амалсыздан пайда болған бос уақытын «Билеуші» атты еңбегін жазу үшін пайдаланды. Кейіннен бұл туынды саяси философияның классикалық туындысына айналды. Ол бұл еңбегінде билеушілерге билікке қол жеткізу және оны уысында ұстап тұруға байланысты ақыл-кеңестерін ұсынды. Ренессанс өнері, жалпы Қайта өрлеу дәуірінің идеясы солтүстікке, Германия мен Англияға дейін жетті. Осы дәуірдің көрнекті ғалымдарының бірі – голландиялық Дезидерий Эразм еді, бізде ол көпшілікке Роттердамдық Эразм деген есіммен белгілі. Роттердамдық Эразм Кембриджде дәріс оқыды. Ол осы кездің тағы танымал ойшылы Томас Мормен өзара таныс болды. Біраз уақыт өткен соң Англияда корольден кейінгі аз уақытқа болса да ең ықпалды адамға айналдырған саяси мансабын бастайын деп жатқан Томас Мордың үйіне Эразм жиі қонаққа баратын.

Эразм мен Мор, сондай-ақ олардың достары өткен ғасырда Италияда орныққан гуманистік идеялардың Солтүстік Еуропада кеңінен қанат жаюына біраз ықпал етті. «Гуманизм» сөзі ол кезде діни құндылықтарды зайырлы құндылықтармен алмастыру деген мағынада емес еді. Эразм діншілдікке қатысты бестселлер жазған дінбасы болды, ал Томас Мор өзінің діни көзқарастары үшін біраз қудаланды. Негізі, гуманистерді «грек және латын классиктерінің «гуманитарлық хаттарына немесе гуманитарлық әдебиетіне, соның ішінде ағартушылық құндылықтарына сенген адамдар» деп сипаттасақ болады. Олар енді дами бастаған баспа қызметінің арқасында мәтіндері жақында ғана қайта ашылып, жарыққа шыққан классикалық авторлардың жазу мәнерін зерттеді және соларға ұқсауға тырысып бақты. Олар ежелгі антикалық философиялық білімнің арқасында Еуропада әлдеқашан ұмыт болған өнер мен ғылым түрлерін қайтадан қалпына келтіруге талпынды және осы философияның бүкіл христиан әлеміне христиандықты таза және нақты түсінуге көмектесетініне сенді.

Гуманистер Орта ғасыр ғалымдары көбірек әуестенген техникалық ғылымдардан гөрі грамматиканы, филологияны және риториканы жоғарырақ бағалады. Роттердамдық Эразмның Сорбоннадағы оқыту тәсіліне көңілі толмады, ал Томас Мор болса, өзі Оксфордта оқытқан логиканы келеке етті. Антикалық философияның аясында олар Аристотельге немесе оның ортағасырлық көптеген ізбасарларына емес, Платонға қайта оралды.

Мор 1516 жылы мінсіз мемлекеттің жобасын жасақтап шығып, оның жоспарын жария етті. Бұл еңбегінде ол Платон идеяларын көптеп қолданды. Платонның «Мемлекет» деп аталатын туындысындағыдай, Мордың «Утопиясында» да меншік ортақ, ал әйелдер еркектермен бірге әскерде қызмет етуі тиіс болатын. Зерттеулер мен жаңалық ашу ғасырында өмір сүріп отырған Мор өзінің мінсіз мемлекеті мұхиттың арғы жағындағы аралда шынымен өмірде бар деп өтірік айтты. Бірақ Платон сияқты Мор да ойдан шығарылған елдің сипаттамасын теориялық саяси философияның және сол кездегі қоғамды сынаудың құралы ретінде пайдаланды.

Эразм саясатта басшылыққа алу жағынан Платонның теориясына күмәнмен қарады. Морға арнап 1511 жылы жазған «Ақымақтықты мадақтау» атты еңбегінде ол Платонның ең бақытты қоғамды философ-корольдер басқарады деген тұжырымын күлкіге айналдырды. «Тарих бізге «дилетант-философтың қолына билік тиген кездегідей зардапты бірде-бір мемлекет басынан кешкен емес» деп ескертеді» деді ол. Томас Мордың әйгілі «Утопиясы» жарық көрген жылы ол да өзінің «Христиан билеушісіне өсиетін» жариялап жіберді. Бірақ бұл туынды тек Платон мен Аристотельде кездесетін идеяларды қайталады. Сол себепті оның саяси философия туралы трактаты Макиавеллидің немесе Мордың танымалдығына ешқашан жете алмады.

Эразмды философиядан гөрі Құдайдың құдіреті көбірек қызықтырды және спекулятивтік теологиядан гөрі Інжілге байланысты зерттеулер жиірек мазалады. Өткен дәуірдегі христиандық ұлы ұстаздарының арасынан ол Киелі кітапты ивриттен және латыннан аударған Әулие



Кітап: Батыс философиясының жаңа тарихы, 3-том. Қазіргі заман философиясының бастауы

Дәріс: 1. Гуманизм және Реформа мәселесі. Роттердамдық Эразм, Томас Мор және Мартин Лютердің еңбектері

Иеронимді қадір тұтты. Эразм бірнеше жыл Жаңа Өсиетке түсіндірме жасаумен айналысты, кейінірек қабылданған мәтіндегі бұрмалаушылықты түзету үшін өзіндік латын нұсқасын жазып шығу және қажет болған жағдайда Иеронимнің өзін түзеп, жетілдіру туралы шешімге келді. 1516 жылы ол өзінің латын нұсқасын өзі жазған түсіндірмелермен бірге жариялады және қосымша ретінде Жаңа Өсиеттің грекше мәтінін – бұрын-соңды жарық көргендердің арасындағы алғашқысын қосты. Грекше түпнұсқаға адалдығын сақтауға ұмтыла отырып, ол өзінің латын нұсқасында тіпті ең сүйікті және салтанатты мәтіндерді де түзетуден қысылмады. Мысалы, Інжілдің алғашқы сөздерін «Бастапқыда сөз болды» деудің орнына, «Бастапқыда сөйлем» болды деп аударды.

Эразмның бұл еңбегінің үзінділерін Кембридждегі Король колледжіндегі шағын шіркеудің терезелерінен әлі күнге дейін оқуға болады. Дегенмен Эразмның латын нұсқасы қабылданбады. Десек те, ол жариялаған грекше мәтін, 1522 жылы Мартин Лютер дайындаған іргелі неміс нұсқасынан бастап, XVI ғасырдың халықтық ұлы өсиетнамаларына негіз болды.

Мартин Лютер Аугустин монахы еді, ал Эразм папаның шешімімен монах ретіндегі міндеттерінен босатылған болатын. Эразм сияқты, Лютер де Әулие Павелдің римдіктерге жолдауын мұқият зерттеді. Бұл оны Ренессанс католицизмінің этосына, яғни «этика» сөзінің түбірі болып табылатын және мінез-құлық, әдеп-иба, адамгершілік ұстанымдарының жиынтығы дегенді білдіретін ұғымына түбегейлі күмәндануға мәжбүр етті. Эразм Лютердің Жаңа Өсиетін Виттенберг университетінде жариялағаннан кейін бір жылдан соң көпшілікке папаның билікті асыра пайдаланғаны мәлім болды, атап айтқанда, Римдегі Әулие Петрдің жаңа Ұлы шіркеуін салуға үлес қосқан адамның күнәсі үшін жазасы жеңілдетілетіні туралы үлкен дауға әкеп соқтырған ұсынысы әшкереленді.

Эразм мен Мор Лютердің дінбасылардың ең жоғары топтарындағы жемқорлықтың өрбуіне алаңдауын қоштады: Эразм Папа Юлий II-ге жазған өткір сатирасында, ал Мор – «Утопияда» бұл мәселені өте сақ және сыпайы мысқылымен түйреп, жеткізді. Алайда олардың көзқарастары барлық жағынан келісе бермеді. Лютер католик дінінің тылсым жүйесінің нақты тұстарын айыптауды жалғастырып, «адам жанының құтқарылуы үшін қажет жалғыз нәрсе – Христостың сіңірген еңбегіне сенім немесе наным» деп үйретті. 1520 жылы Папа Лео X Лютердің ілімінен алынған қырық бір бапты айыптады, ал Лютер қарсылық білдіріп, «Айыптау булласын», яғни мұндағы булла дегеніміз – ортағасырлық Еуропада Папаның, императордың немесе корольдің мөр басылған құжатын отқа жаққан соң шіркеуден аластатылды. Король Генрих VIII болса, кей мәселелерде Мордың көмегіне сүйене отырып, «Жеті тылсымды бекітуді» жариялады, бұл оған «Діни сенімнің қорғаушысы» деген папалық атақ әкелді.

Эразмның пікірталасты бәсеңдеткісі келген талпынысынан нәтиже шыққан жоқ. Ол Лютерге «Тіліңді тый да, пікіріңді ғалымдардың әділ талқысына сал» деп, көндіруге тырысты. Екінші жағынан, ол папаның айыптау булласының түпнұсқа екеніне күмән келтіріп, Карл V-ні Лютерге 1521 жылы Сейм жиынында сөз сөйлеуге мүмкіндік бер деп көндірді. Алайда Лютер өз ұстанымынан бас тартпағандықтан, оған империя тарапынан тыйым салынды. Папа Лео X дүние салған соң, оның орнына Эразмның голландиялық мектептес досы келіп, Адриан VI деген есімге ие болды. Жаңа папа Эразмға реформаторларға қарсы қалам тартуды ұсынды. Бұған Эразм әрең-әрең келісті, бірақ оның Лютерге қарсы жазған кітабы 1524 жылы ғана жарық көрді, ол кезде Адриан дүниеден өтіп кеткен еді.

Эразмның реформаторларға қарсы таңдаған негізгі ұстанымы – ерік еркіндігі еді. Бұл 1507 жылы Виттенберг қақпасына қағылған тезистердің бірі болатын. Лео X айыптаған сөйлемдердің арасында «еркіндік жоқ болса, күнә да жоқ» деген тезис болды. Лютер жауап ретінде «Ерік еркіндігі мүмкін емес, шын мәнінде бұл бос сөз, адам кез келген зұлымдықты немесе ізгілікті жоспарлауға дәрменсіз» деген ұстанымын нығыздай түсті.

Өзінің «Диатриба немесе ерік бостандығы туралы пайымдау» деген жазбасында Эразм адамдар ерік-еркіндігіне ие екенін көрсету үшін Көне және Жаңа Өсиеттен, шіркеу докторларының еңбектері мен декреттерден, яғни мұндағы декрет дегеніміз – бұйрық, шешім, үкім деген мағынада қолданылатын мәтіндерден алған дәлелдерді топтастырды. Ол қасиетті жазбалардан табуға болатын уағыз, уәде, пәрмен, қоқан-лоққы, жазғыру және қарғыс атаулы еркін ерік емес, қажеттілік қана болса, олардың еш мәні жоқ екенін үнемі ескертіп отырды. Ал еркін ерік – ізгі немесе зұлым істерді анықтаушы түпнегізгі ұғым. Эразмның кітабында Киелі



Кітап: Батыс философиясының жаңа тарихы, 3-том. Қазіргі заман философиясының бастауы

Дәріс: 1. Гуманизм және Реформа мәселесі. Роттердамдық Эразм, Томас Мор және Мартин Лютердің еңбектері

кітапты түсіндіруге байланысты мәселелер басымрақ еді және бұл туынды Мартин Лютердің «Ерік құлдығы туралы» еңбегіне байланысты көлемді жауап болды.

Философиялық тұрғыдан алғанда, Эразмның ой-пікірлері аса нанымды емес. Ол Құдайдың құдіретін адамның еркіндігімен үйлестіру мәселесіне бей-жай қарай алмайтын жүз-жылдық схоластикалық пікірталастардың жалпы тұстарын қайталайды. Бірақ Эразм өзін философиялық күрделендіруден аулақ ұстауға ұмтылды. Ол схоластар Құдайдың құдіреті міндетті немесе қажетті екенін қалай білді деген сауал қою – қызығушылықтың дін саласынан бөлек бір тармағы деп санады.

Схоластардың жақтасы болмаса да, мұндай жаңалық Лютердің ашуын туғызды. «Егер бұл діни емес, қызықты және өте күрделі нәрсе болса, онда діни, байыпты және пайдалы білім дегеніміз не екен?» деген сауалды көтереді. «Құдай, – дейді Лютер, – ештеңені де кездейсоқ болжамайды. Ол бәрін Өзінің тұрақты, мәңгілік және күнәсіз еркімен алдын ала көре біледі, мақсат-мұратты көздейді және жүзеге асырады. Найзағай сияқты бұл күш еркін ерікті қалауынша өзгертіп, қажет болса, жойып тастайды».

Лютердің негізгі мақсаты – ерік еркіндігін құтқарылу мен қарғыс арасындағы айырмашылықты айқындайтын мәселелер тұрғысынан терістеу. Басқа жағдайларда ол іс-әрекеттің қарама-қарсы бағыттарының арасында таңдау жасау мүмкіндігін мойындайтын сияқты. Адамдар ерік еркіндігін өзінен жоғары тұратын болмысқа қатысты емес, өзінен төмен тұратын нәрселерге қатысты іске асыра алады. Мысалы, күнәһар көптеген күнәлардың арасынан таңдау жасай алады.

Эразм Киелі кітапта адамның таңдауы еркін деп түсіндіретін тұстар баршылық деп ашып көрсетті, сонымен қатар, пенде тағдырын Құдай шешеді дегенді білдіретін үзінділер де аз емес. Діншіл схоластар ғасырлар бойы өз ескертпелерін мұқият сабақтастыра келе, мұндай қайшылықты пікірлерді өзара келістіруге тырысты. «Құдайдың рақымдылығына сілтей отырып, адам еркін айыптауға көп еңбек арналды», – дейді Лютер. Бұл жерде Құдайдың абсолют қалауы мен адамның қарапайым еркі, себеп қажеттілігі мен салдар қажеттілігінің және тағы басқа көптеген нәрселердің арасындағы айырмашылық бөліп көрсетілді. Бірақ түсіндірудің бұл амалдары білімі жоқ, соқыр сенімі мықты надандарды мәжбүрлеп үйретуден басқа ештеңеге жеткізген жоқ. «Киелі кітаптың әртүрлі мәтіндерінің арасындағы қайшылықтарды шешуге тырысып, уақытымызды босқа жоғалтпауымыз керек, – деп есептейді Лютер, – біз ең ақырғы тәсілді ұстанып, ерік еркіндігін толығымен терістеп, бәрін Құдайдың қалауына тапсыруымыз қажет».

Лютер «Детерминизм, яғни себеп-салдарлық байланыс тізбектері дұрыс құрылған болса, Құдай бәрін кешіреді» деген тұжырымға қарсы болғаны еш күмәнсіз, себебі ол күнәдан басқаны жасай алмаған күнәһарларды Құдай әділ жазалайды деп есептеді.

Ерік бостандығы мәселесі, яғни адам өміріндегі іс-әрекеттерді өз еркімен жасай ма, әлде бұл әрекеттердің барлығы оның маңдайына жазылып, Құдайды бұйрығымен жасала ма деген сауал XVI ғасырда әлі талай көтерілді, оны шешудің талпыныстары философиялық көзқарасқа да біраз жаңалық енгізуі тиіс еді. Бұл жерде ерік бостандығынан бөлек, таңдау құқығы мен әділеттілік сияқты күрделі философиялық мәселелер де қозғалады.

Осы кезеңде Лютер пікірталасқа жаңа маңызды элементті – схоластикаға ғана емес, философияның өзіне деген дұшпандық көзқарасты енгізді. Ол Аристотельді, атап айтқанда, оның «Этикасын» (Ethics) «ізгіліктің ең жексұрын жауы» деп айыптады. Оның бейсана ақыл күштеріне жеккөрініші Адамның күнәға батуынан кісі табиғатының толығымен азғындауы және әлсізденуі басталды деген сенімінің нәтижесі еді.

Лютердің философиялық толғаныстар туралы скептицизмі ортағасырлық схоластиканың кейінгі кезеңінде күшейген ағымның жалғасы еді. Күшейіп келе жатқан скептицизмге қарсы ұстаным – христиан дәстүріндегі папа мен собор уағыздарымен қуатталатын шіркеу беделін мойындау болды. «Киелі кітап іліміне қатысты болса, христианның скептик болуға қатысты таңдау еркі жоқ, – деп тұжырымдады Лютер. «Әрбір христиан, – дейді Лютер, – сенім мәселесіне келгенде ненің дұрыс, ненің бұрыс екенін айырып алуға және өзіндік түйін жасауға қабілетті».

Лютердің ойынша, жалпы шіркеу үстемдігімен шектелмеген және рационалдықты да мойындағысы келмейтін жеке ұждан нанымдардың көптеген түрін туындата бастады. Франция



Кітап: Батыс философиясының жаңа тарихы, 3-том. Қазіргі заман философиясының бастауы

Дәріс: 1. Гуманизм және Реформа мәселесі. Роттердамдық Эразм, Томас Мор және Мартин Лютердің еңбектері

мен Швейцарияның Жан Кальвин мен Ульрих Цвингли сияқты реформаторлары папа билігінен бас тарту туралы Лютер идеясын қолдады, алайда онымен келіспейтін жерлері де болды.

Кальвин де, Лютер сияқты, діни ақиқат әрбір адамның индивидуалды жанында қамтылған деді, яғни дініне берік әрбір христиан көктен берілген Аянның адам таңғаларлық күшін сезінуге қабілетті және осы сезім кез келген пайымдаудан гөрі сенімдірек. Ал егер нағыз христиан ретінде шоқынғандардың бәрі есептелсе, мұндай жағдай сенімнің анархиясына әкеліп соғады.

Протестанттардың пайымдауынша, шіркеуді жоғарғы билік деп санауға болмайды, себебі оның тұжырымдары Киелі кітаптың мәтіндеріне негізделген. Осыған қарама-қарсы пікірді ұстанатын католиктер Аугустинге сілтеме жасай отырып, Киелі кітапты қабылдаудың бірден-бір себебі – оны бізге шіркеудің бергені деп мәлімдеді. Ақыр аяғында, Реформация кезеңінде Еуропада талқыланған мәселелер рационалдық дәлелдемелермен де, ішкі ағартушылықпен де реттелмеді. Еуропа елдерінің бірінен соң бірінде түрлі жанжалдар қарудың күшімен немесе қылмыстық заңнамамен басып-жаншылып отырды. Англия королі Генрих VIII өзін шаршатып, төзімсіз деп санаған некеден босатуға келіспеген Ватиканға өкпелеп, Риммен қатынасын үзді және Томас Морды Папаға адалдығы үшін жазалады. Мемлекет оның қызы Марияның қоластындағы католицизмнің Реформациясына және әпкесі Елизаветаның қарамағындағы ағылшын шіркеуінің мәмілесіне қарсы тұру үшін католицизмнің жікшіл бағытынан корольдің ұлы Эдуард VI қолдау көрсеткен кальвинизмге көшті. Бұл шым-шытырық оқиғаның нәтижесінде жүздеген протестант пен католиктер өзара қырқыстан азап шекті; бірақ Англия осының арқасында континенттік Еуропадағы басқа елдерде қаншама онжылдықтарға созылған діни соғыстардан, қантөгістерден құтылды.

XVI ғасырдың ортасына таман діни ұстанымдар нығайып, шамамен алғанда, 400 жыл сақталуы тиіс формаларға ие болды. Лютердің көмекшісі, неміс гуманист-реформаторы, лютеран теологиясын жүйелеуші Филипп Меланхтон 1530 жылы Аугсбургте ортодоксияны тексеру мақсатында құлшылық ету тәртібін қалыптастырды. Діни келісім сол қалада 1555 жылы жасалды және оның аясында Қасиетті Рим империясының әр мемлекетінің басшысы қол астындағылар лютеран бола ма, әлде католик бола ма – оны өзі шешеді деген шарт қойылды. Бұл принцип кейінірек «кімнің жері, соның діні» деген атауға ие болды. Кальвиннің «Христиан дінінің институттары» деп аталатын еңбегі Швейцария, Франция, кейін Шотландия протестанттары үшін үлгі болды. Папа Павел III Римде иезуиттердің жаңа діни орденін тағайындады және Трентте шіркеу тәртібін реформалау бойынша кеңес ұйымдастырып, контрреформацияның дамуына ықпал етті. Кеңесте тек сенім арқылы ғана ақтау туралы лютеран докторинасы мен Кальвиннің «Құдай күнәһарларды кез келген күнәсі үшін тозаққа аттандырады» деген докторинасы айыпталды. Бұл Кеңес өз қызметін 1563 тоқтатты. Бұл кезде Лютер дүниеден озып, ал Кальвин өлім аузында еді.

Христиан дүниесінің қақ бөлінуі ешқандай қажеті жоқ трагедия болды. Лютер мен Кальвинді олардың католик қарсыластарынан ажыратқан теология түйткілдері орта ғасырларда сектанттар соғысынсыз-ақ бірнеше рет талқыланған болатын. XX ғасыр католиктері мен протестанттарының арасында, діни білімді кәсіби түрде оқыған мамандары болмаса, шын мәнінде, XVI ғасырда анафема мен қантөгіске әкелген айырмашылықтарының ақиқат себептерін білетіндердің саны аз ғана.

Әрине, билік мәселелерін доктрина мәселелерімен салыстырғанда түсіну жеңілірек, ал шешу, керісінше, қиынырақ. Бірақ христиан дүниесінің бірлігін, Оккам ұсынғандай, жалпы кеңеске бағынатын конституциялық папа билігі арқылы сақтап қалуға болатын еді.